

Хатгама №1

Мерзімі: 11.09.2020 жыл

Қатысқандар: Т.К.Ахаев- мектеп директоры

Б.Т.Ахметова- Тәрбие ісінің меңгерушісі

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

А.И.Карабаева-ауылдық амбулаторияның бас дәрігері

А.Д.Дүйсенбек - Қ.И.Сәтбаев ауыл әкімшілік маманы

Н.Е.Жапишев- Қ.И.Сәтбаев ауылдық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі

Б.А.Сыздықова – «Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» кітапханашысы ,
хатшы

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын(төрайымын) сайлау туралы;
2. Қамқоршылық кеңесі мүшелерін толықтыру;
3. Дүниежүзілік пандемия (коронавирус) індетіне байланысты 2020-2021 оқу жылында мектепте оқытудағы ерекшеліктер, сақтық шараларын күшейту;

Тындалды:

1. Мектеп директоры Ахаев Төлеген Қанатұлы - 2019-2020 оқу жылында қамқоршылық кеңестің жұмысына қысқаша тоқталып өтті. Сонымен қатар қамқоршылық кеңестің төрайымы Данаш Санатханқызы Жақсыбаеваның қапыда өмірден озуына байланысты, қамқоршылық кеңестің төрайымын (төрағасын) сайлау керектігіне тоқталды.
2. Сөйледі: ТІМ- Ахметова Б.Т. Бүгінгі күні кеңес төрағалығы міндетін уақытша Дүйсенбек Алихан Дүйсенбекұлы атқаруда. Алихан Дүйсенбекұлы ауылдық әкімдіктің маманы, ата-ана, қабілеті жоғары, кеңестің атынан әрекет етуді сенімді түрде тапсыруға болатын тұлға дей келе, кеңес мүшелерінің құрамын да толықтыру керек екендігін атап өтті. Сондай-ақ, кеңес мүшесінің талабына сай кеңес құрамында мектептен әлеуметтік педагогтың орнына ауыл кітапханашысы Солтахова Нұрлыгүл Рашидқызының кандидатурасын ұсынғым келеді. Қамқоршылық кеңес құрамында 9 адам болу керек екендігін атап өтті.
3. Карабаева А.И.-ауылдық амбулаторияның бас дәрігері:
Кеңес төрағалығына А.Д.Дүйсенбектің кандидатурасын ұсынуға қарсы еместігін білдіріп, жастарда ынта-жігер мықты, жұмыс жасайды деген

ойын айтты. Кеңес мүшелері бірауыздан қамқоршылық кеңестің төрағалығына Дүйсенбек Алихан Дүйсенбекұлын таңдады. Орынбасарлыққа Жапишев Нұрбол Елубайұлы тағайындалды. Кеңес мүшелігіне көп балалы ата-ана Жанайдаров Қанағат Олжатайұлы және ауылдық кітапханашы Солтахова Нұрлыгүл Рашидқызы қабылданды.

Ахаев Төлеген Қанатұлы - бүкіләлемде белең алған ахуалға байланысты жаңа 2020-2021 оқу жылындағы ерекшеліктерге тоқталды. Пандемияның әлі де болса өршіп тұрғандығы себепті оқыту жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер жайлы айтып өтті және мектебімізде санитарлық-эпидемиологиялық шаралар қатаң сақталуда, келешекте де бақылауда болатындығына тоқталды.

Оқушылар екі ауысымда оқиды, әр сыныпқа сабақ кестесі, сабаққа кіру, үзіліске шығу уақыты әр түрлі уақытқа белгіленді, барлық мұғалімдер мен оқушылар, қызметкерлер түгелдей бетперделер тағып, мектеп толығымен санитарлық құрал-жабдықтармен қамтылғандығын атап өтті.

Карабаева А.И-Қазіргі уақытта адам денсаулығына алаңдайтын уақыт туындап отыр. Құрметті ұстаздар ұжымы, сіздер бұрынғыдай әр оқушының білім алуына ғана емес денсаулығына да жауаптысыздар. Сақтық шараларына бәріміз қатаң түрде көңіл бөлуіміз керек. Бұл індеттің қашан түбегейлі жойылатыны әлі де белгісіз болып отыр. Сонымен бірге күз айы тұмаудың белең алатын уақыты. «Сақтансаң сақтаймын» демекші әрқайсымыз өзіміздің және балаларымыздың денсаулығына жауапкершілікпен қарап, дәрі-дәрмекті, дәрумендерді жеткілікті түрде алғанымыз, сақтық шараларын қатаң түрде жасағанымыз абзал.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы болып Дүйсенбек Алихан Дүйсенбекұлы, орынбасарлыққа Жапишев Нұрбол Елубайұлы және кеңес мүшелігіне Жанайдаров Қанағат Олжатайұлы және Солтахова Нұрлыгүл Рашидқызы тағайындалсын.
2. Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері бөлінсін.
3. 2020-2021 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Мектепте санитарлық-эпидемиологиялық шаралар қатаң сақталсын.

Кеңес төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:

А.Д.Дүйсенбек

Н.Е.Жапишев

А.И.Карабаева

А.Б. Муканов

Қ.О.Жанайдаров

Н.Қ.Қосыбаев

Б.А.Сыздыкова